

Ірі коммерциялық тұтынушыларға, цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларға немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру жөніндегі тұлғаларға кейіннен өткізуге арналған Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2024 жылғы 31 мамырдағы № 217 бұйрығы

"Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 7) тармақшасына және 20-бабының 2-3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған ірі коммерциялық тұтынушыларға, цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларға немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру жөніндегі тұлғаларға кейіннен өткізуге арналған Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің 2024 жылғы 1 шілдеден 2025 жылғы 30 маусымды қоса алған кезеңге арналған шекті бағаларын бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ өнеркәсібі департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық қабылданған күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберу;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Сәтқалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2024 жылғы 31 мамырдағы
№ 217 бұйрығымен
бекітілген

Ірі коммерциялық тұтынушыларға, цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларға немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру жөніндегі тұлғаларға кейіннен өткізуге арналған Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің 2024 жылғы 1 шілдеден 2025 жылғы 30 маусымды қоса алған кезеңге арналған шекті бағалары

№	Өңір	Қосылған құн салығын есепке алмағанда, бір мың текше метрі үшін шекті бағасы теңгемен
1.	Астана қаласы	52 033 (елу екі мың отыз үш теңге)
2.	Алматы қаласы	63 905 (алпыс үш мың тоғыз жүз бес)
3.	Шымкент қаласы	59 268 (елу тоғыз мың екі жүз алпыс сегіз)
4.	Ақмола облысы	52 033 (елу екі мың отыз үш)
5.	Ақтөбе облысы	34 333 (отыз төрт мың үш жүз отыз үш)
6.	Алматы облысы	63 905 (алпыс үш мың тоғыз жүз бес)
7.	Атырау облысы	23 996 (жиырма үш мың тоғыз жүз тоқсан алты)
8.	Батыс Қазақстан облысы	31 637 (отыз бір мың алты жүз отыз жеті)
9.	Жамбыл облысы	58 866 (елу сегіз мың сегіз жүз алпыс алты)
10.	Жетісу облысы	63 905 (алпыс үш мың тоғыз жүз бес)
11.	Қарағанды облысы	52 033 (елу екі мың отыз үш)
12.	Қостанай облысы	48 424 (қырық сегіз мың төрт жүз жиырма төрт)
13.	Қызылорда облысы	45 522 (қырық бес мың бес жүз жиырма екі)
14.	Маңғыстау облысы	32 942 (отыз екі мың тоғыз жүз қырық екі)
15.	Түркістан облысы	59 268 (елу тоғыз мың екі жүз алпыс сегіз)
16.	Ұлытау облысы	52 033 (елу екі мың отыз үш)
17.	Шығыс Қазақстан облысы	10 891 (он мың сегіз жүз тоқсан бір)